

**«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ  
D091 – Ветеринария (8D09101 – «Жануарлардың ветеринарлық  
жайлылығы», 8D09102 – «Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық  
қауіпсіздігі», 6D120100 – «Ветеринарлық медицина», 6D120200 -  
«Ветеринарлық санитария») даярлау бағыты бойынша диссертациялық  
кеңесінің 2023 жылы атқарған жұмысы жөнінде  
ЕСЕП**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ D091 – Ветеринария (8D09101 – «Жануарлардың ветеринарлық жайлылығы», 8D09102 – «Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі», 6D120100 – «Ветеринарлық медицина», 6D120200 – «Ветеринарлық санитария») даярлау бағыты (мамандықтары) бойынша диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 103 бұйрығына және С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ Басқармасы төрағасының 09.11.2022 жылғы № 580-Н бұйрығына сәйкес құрылған.

Диссертациялық кеңес төрағасы профессор Джакупов И.Т., төраға орынбасары профессор С.Т. Дюсембаев, ғалым хатшы доцент Ж.Ә. Сұраншиев тағайындалған.

Диссертациялық кеңеске келесі даярлау бағыты бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген:

- 8D09101 – «Жануарлардың ветеринарлық жайлылығы»;
- 8D09102 – «Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі»;
- 6D120100 – «Ветеринарлық медицина»;
- 6D120200 – «Ветеринарлық санитария».

**1. Өткізілген мәжілістер саны туралы мәліметтер.**

Есеп беріліп отырған жылы 6 мәжіліс өткізілді.

01.02.2023 ж. №1 Мәжілісте Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің докторанты Ш.К. Сулейменовтың 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

01.02.2023 ж. №2 Мәжілісте С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ докторанты А.Б.Абултдинованың 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

02.02.2023 ж. №3 Мәжілісте С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ докторанты Б.Қ.Іңірбайдың 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

02.02.2023 ж. №4 Мәжілісте С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ докторанты А.Ж.Жубатканованың 6D120200 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

05.06.2023 ж. №5 Мәжілісте докторант Жұбатқанова Айгерім Жандарбекқызының қорғаған диссертациялық жұмысына Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары бойынша сараптамалық кеңес Қорытындысын» қарастыру.

13.09.2023 ж. №6 Мәжілісте ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті А.Ж. Жубатканованың докторлық диссертация қорғау барысында анықталған кемшіліктер бойынша диссертациялық кеңеске келіп түскен ескертулерді қарастыру.

## 2. Мәжілістің жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері

- жоқ.

## 3. Білім алатын ұйым атауы келтірілген докторанттар тізімі

Т.А.Ж.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (білім алатын жері)
Сулейменов Шыңғыс Кайратович	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері»	Дюсембаев Сергазы Турлыбекович - ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, «Семей к. Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы  Заболотных Михаил Василеевич - биология ғылымдарының докторы, профессор, Омбы мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Абултдинова Аида Бағдатқызы	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«Новые параметры клинической и лабораторной диагностики послеродовых патологий у коров»	Джакупов Исатай Тусупович – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті  Axel Wehrend – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Юстус Либиг атындағы Гиссен университеті, Германия	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ
Іңірбай Бакытқали Кабиұлы	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«Мультипротеинді рекомбинант антигенін бруцеллездің серологиялық балауында қолдану»	Бұлашев Айтбай Қабыкешұлы – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ,  Xiaojun Wang - PhD.,	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

			профессор, Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы, Харбин ветеринария ғылыми-зерттеу институты, Қытай Халық Республикасы	
Жубатканова Ангирим Жандарбековна	6D120200 - «Ветеринарлық санитария»	«Ветеринарно-санитарная оценка молочной продукции при использовании химических и биологических средств для санации помещений»	Жумакаева Айкумыс Нурғалиевна ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринариялық-санитария» кафедрасының доценті, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің» ҚеАҚ.  Marek Nowicki – PhD, қауымдастырылған профессор, «Варшава қаласының жаратылыстану ғылымдары университеті», Польша	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

Жұмыс жоспарына сәйкес 2023 жылы диссертациялық кеңесте 4 докторант диссертациялық жұмыстарын қорғады. Докторанттар Ш.К.Сулейменовке, А.Б.Абулtdиноваға, Б.Қ. Іңірбайға ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығымен «Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді (03.05 2023 жылғы № 191 бұйрығы, 03.05 2023 жылғы № 192 бұйрығы, 26.05.2023 жылғы № 230 бұйрығы).

Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары бойынша сараптамалық кеңес қорытындысы (2023 жылғы 19 мамырдағы №4 хаттамасы) және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің бұйрығы бойынша докторант Жубатканова Ангирим Жандарбековнаның диссертациясы қайта қорғауға жіберілді (2023 жылғы 29 мамырдағы № 244 бұйрығы).

#### **4. Есеп беру жылында кеңесте қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау**

**4.1. Диссертациялық жұмыстардың тақырыптарына жасалынатын талдау.** Жалпы доктор PhD ғылыми дәрежесін иелену үшін орындалған диссертациялар ветеринария саласына қатысты қолданбалы зерттеулер түрінде жүргізілген.

Сулейменов Шынғыс Кайратовичтің «ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және бұрынғы Семей сынақ ядролық полигоны

аумағындағы жылқы шаруашылықтарында Республикалық ветеринариялық зертхана (РВЗ) статистикалық деректерін және жаппай копрологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдаудың негізінде параскаридоз инвазиясының маусымдық динамикасы мен жылқылардың жас ерекшеліктеріне байланысты эпизоотологиялық ахуалын нақтылау жұмыстарын жүргізуге арналған.

Абултдинова Аида Бағдатқызының «Новые параметры клинической и лабораторной диагностики послеродовых патологий у коров» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және клиникалық, зертханалық және биофизикалық тексеру әдістерін пайдаланып, сиырда бұзаулағаннан кейін болатын жатыр патологиялары диагностикасының жаңа параметрлерін, белгілерін анықтауға бағытталған.

Іңірбай Бақытқали Қабиұлының «Мультипротеинді рекомбинант антигенін бруцеллездің серологиялық балауында қолдану» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және *Brucella* тұқымдасы бактерияларының сыртқы мембранасының рекомбинантты мультипротеиндерін экспрессиялайтын *Escherichia coli* өндіруші-штамдарын алуға және мақсатты өнімдердің қоздырғыш антигені ретінде мал бруцеллезінің серологиялық диагностикасындағы құндылығын зерттеу жұмыстарына бағытталған.

Жубатканова Аигерим Жандарбековнаның «Ветеринарно-санитарная оценка молочной продукции при использовании химических и биологических средств для санации помещений» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және химиялық және биологиялық санитарлық құралдарды қолданудың тиімділігін зерттеу, сүт фермаларында пайдалану үшін пробиотикалық өсімдіктерден консорциум құруға және сүтті ветеринариялық-санитариялық бағалауға әсер етуін айқындауға арналған.

#### **4.2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қарастырып, ұсынған ғылым дамуына қатысты «Ғылым туралы» Заңының 18 бабы 3 тармағына сәйкес бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы**

Сулейменов Шынғыс Кайратовичтің «ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті ғылыми кеңесімен бекітілген бастамалық жоба шеңберінде орындалды (хаттама №16-у, 25.03.2022 ж., мемлекеттік тіркеу № 0112РК00840).

Абултдинова Аида Бағдатқызының «Новые параметры клинической и лабораторной диагностики послеродовых патологий у коров» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 217 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бюджет бағдарламасы бойынша ғылыми жоба аясында ҚР БҒМ № 0115РК00489 «Сиырда жыныс мүшелерінің физиологиялық күйін, бұзаулауы мен патологиясын анықтау үшін диагностикалық жинақты әзірлеу және жасау» және «Ewald and Hilde Berge» қорының қолдауымен (грант нөмірі 5132100501, Германия; Германияның академиялық алмасу қызметі (DAAD) ғылыми жобалары аясында орындалды.

Іңірбай Бақытқали Қабиұлының «Мультипротеинді рекомбинант антигенін бруцеллездің серологиялық балауында қолдану» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 2018-2020 жылдарға арналған О.0810 «Ауыл шаруашылығы мен ветеринарияға арналған жаңа препараттар мен инновациялық биотехнологияларды жасау» атты ҚР БҒМ-нің ғылыми-техникалық бағдарлама шеңберіндегі «Құрама рекомбинантты антигенге негізделген бруцеллездің серологиялық диагностикасы» тақырыбы бойынша орындалды (мемлекеттік тіркеу №:0118РК00970).

Жубатканова Ангирим Жандарбековнаның «Ветеринарно-санитарная оценка молочной продукции при использовании химических и биологических средств для санации помещений» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Мал шаруашылығы үй-жайларының микробтық фонын тұрақтандыруға арналған биопрепарат әзірлеу» бастамалық жобасы шеңберінде орындалды (0118РКИ0571 Жумакаева А.Н. 2018 ВиТЖ).

#### **4.3. Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау**

Ш.К. Сулейменовтің зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстан өңіріндегі жылқы арасында тіркелетін параскаридоздың таралу қарқыны туралы ресми есептерде тіркелмеген тың деректермен толықтырды. Параскаридозды инвазия кезіндегі сойыс өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық бағасы беріліп, еттің биологиялық және тағамдық құндылығы сипаттады. Зерттеу нәтижелері Семей қаласының Шәкәрім университеті ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның оқу үрдісіне енгізіліп, курстық, дипломдық және диссертациялық жұмыстарды орындау барысында кеңінен қолданылады. Жылқыларға арналған радиопротекторлық және антигельминттік қасиеті бар азық композициясының қолдану нұсқауы даярланып, ШҚО шаруа қожалықтарының тәжірибесінде пайдалануға ұсынылды. Ұсынылып отырылған радиопротекторлық антигельминттік композиция жайылымдағы жылқыларды топтап, еркін дәрілеуге оңтайлы, экономикалық тұрғыдан тиімді, жылқы және оның өнімдерін ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздендіруге толық мүмкіндіктер береді.

А.Б. Абултдиновамен ауылшаруашылық құрылымдарда және аудандық ветеринарлық станцияларда жұмыс істейтін ветеринар мамандарға жануарларды тексеру кезінде, сиырда жыныс мүшелерінің нормалары мен патологиясының диагностикасында «Сиырды гинекологиялық тексерудің диспансерлік картасын» (2022 жылғы 1 қарашадағы № 24010 авторлық куәлік) қолдану ұсынылды. Акушерлік патологияның диагностикасы үшін бұзаулағаннан кейінгі 10-20 күн ішінде «Метрастатум» құрылғысы ұсынылады (31.09.2019 ж. № 031893 Еуразиялық патент). Ультрадыбыстық диагностика кезінде жатырдың қабынуын анықтайтын параметрлерді қолдану керек: жатыр ішілік экссудаттың (ЖМЭ) болуы, жатыр қабырғаларының қалыңдауы (ЖММ) түріндегі құрылымдық өзгерістер, қалыңдығы әртекті (ҚӘЖ) гиперэхогендік жолақтар және боран. Субклиникалық эндометрит диагностикасы үшін көппішінді ядролы нейтрофилдердің (КПЯН) санын анықтайтын цитологиялық әдіс ұсынылды.

Б.Қ. Іңірбаймен рекомбинантты ақуыздың негізінде әзірленген «Бруцеллезді диагностикалауға арналған ИФТ-жиынтығын» дайындау мен пайдаланудың

зертханалық регламенті «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ–ның (ҚазАТУ) ғылыми-техникалық комиссиясының отырысында бекітілген (22.09.2020 жылғы №7 хаттама) және аталмыш жиынтықтың тәжірибелі үлгісі дайындалды. Қазақстан Республикасында қой бруцеллезі бойынша 2013-2021жж. арналған эпизоотиялық ахуалының жағдайы. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері ҚазАТУ-інің 6M070100 «Биотехнология» мамандығының магистранттарына арналған «Modern problems of Biotechnology in Veterinary medicine and Animal husbandry» атты оқу құралының «The new methods for diagnosis of brucellosis» атты бөліміне енгізілді және 6D120100 – "Ветеринариялық медицина" мамандығының докторанттарына "General Immunology" пәндері бойынша дәрістік және зертханалық сабақтарды жүргізуде қолданыс тапты.

А.Ж. Жубаткановамен В. Subtilis культурасын өсіру үшін тереңдік өсіру технологиясын қолдануды ұсынды (консорциум өндірісінде). Кешенді бактериялық препарат шаруашылық объектілерінде, профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде санитарлық құрал ретінде пайдаланылады. Микробиологиялық ластану және соматикалық жасушалар саны бойынша сиыр сүтінің сапасын жақсарту үшін пробиотикалық құралды қолдануды ұсынады.

### **5. Пікір берушілер жұмыстарын талдау.**

Ветеринариялық ғылымдар бойынша диссертациялық кеңес мәжілістерінде қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша пікір берушілер қарастырылып, бекітілді.

Ш.К. Сулейменовтың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде Усенбаев Алтай Егембердиевич – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринариялық медицина» кафедрасының доценті, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ (Астана қ.) және Жумагелдиев Ақылбек Амиркулович – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринариялық санитарлық сараптау және гигиена» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (Алматы қ.) тағайындалды.

А.Б. Абулдинованың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде Байтлесов Ербулат Упиевич – ветеринария ғылымдарының докторы, «Ветеринария және техносфералық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Орал қ.) және Мухамадиева Нуржамал Нуроллиновна – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринария» кафедрасының доценті «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (г. Астана) тағайындалды.

Б.Қ. Інірбайдың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде Мустафин Муафик Кометаевич – ветеринария ғылымдарының докторы, «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университеті» КеАҚ (Қостанай қ.) және Отарбаев Бауыржан Камалович – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (Алматы қ.) тағайындалды.

А.Ж. Жубатканованың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде Тагаев Орынбай Оразбекович – ветеринария ғылымдарының докторы, «Ветеринариялық және биологиялық қауіпсіздік» жоғары мектебінің доценті, «Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»

КеАҚ (Орал қ.) және Барахов Бахыт Бейсенбаевич – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринарлық санитарлық сараптау және гигиена» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (Алматы қ.) тағайындалды.

Пікір берушілер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың ғылыми жобалармен жұмыс жасайтын, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар жасайтын, сәйкесімді мамандықтар бойынша ғылыми атақтары, дәрежелері бар жетекші ғалымдар тағайындалды.

Пікір берушілердің пікірлері оларды дайындауға, толтыруға қатысты қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделді. Жалпы алғанда пікір берушілер ұсынылған диссертацияларға мұқият талдаулар жасады, ал жұмыстар қойылатын талаптарға сай болды.

### 6. Ғылыми мамандарды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

-жоқ.

### 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны

	8D09101 – Жануарлардың ветеринарлық жайлылығы	8D09102 – Мал өнімдерінің санитарлық- экологиялық қауіпсіздігі	6D120100 – Ветеринарлық медицина	6D120200 - Ветеринарлық санитария
корғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	3 (1)	1 (-)
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
корғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
қайта корғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	1(-)
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	3(1)	1(-)

Диссертациялық кеңес төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

